

## Нормативтік құқықтық актінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 79 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына сәйкес, Байғанин ауданық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Байғанин аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 13 мамырдағы № 112 "Байғанин ауданы аумағында көшпелі сауданы жүзеге асыру үшін арнайы бөлінген орындарды белгілеу туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4345 болып тіркелген, 2015 жылдың 18 маусымында аудандық "Жем Сағыз" газетінде және 2015 жылдың 09 маусымда "Әділет" АҚЖ-де жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Ж.Абитовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған кезінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*М.Аққағазов*